

«БЕКІТЕМІН»

Дінтану кафедрасының меңгерушісі

Ф. Б.Камалова

« _____ » _____ **2024 жыл.**

Теология факультеті
Дінтану кафедрасының
2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие
жұмыстарының
ЕСЕБІ

Түркістан - 2024 жыл

Дінтану кафедрасының 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының ЕСЕБІ

ТДТ-311 және ТПД-311 топтарында жүргізілген тәрбие жұмыстары

2023-2024 оқу жылына ТДТ-311 және ТПД-311 топтарының тәрбие жөніндегі жұмыс жоспары жастардың патриоттық сезімін арттырып, саяси көзқарастарын мемлекет мүддесі үшін бағыттау мақсатында топ студенттерімен өткізілетін тәрбие сағаттарының тақырыптары алдын-ала сарапқа салынып, талқыланып қарастырылды. Топ эдвайзері А.Бейсенов топ басшыларын тағайындап бекітті.

Топ эдвайзері топ басшысы етіп төмендегі білімгерлерді бекітті: Қуаныш Акбота –ТДТ-311, Рысбайқызы Аймерке –ТПД-311.

Топ кураторларының тәрбие жұмыстары тәрбие жоспарына сай, деканат келісімімен бекітілді. 2022-2023 оқу жылында Теология факультетіне қарасты Топ эдвайзері жоспарланған тәрбие жұмыстары бойынша өз топтары көлемінде тәрбие сағаттарын, тәрбиелік іс-шаралар, т.б кездесулер жасап, олардың хаттамаларын жазып отырды. Топ студенттерінің тәрбиесі мен тәртібін көтеру т.б. сол сияқты қазіргі уақыттағы өзекті мәселелер бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. ТДТ-311, ТПД-311 топтарына күзгі семестрде барлығы 6 тәрбие сағаты өткізілді.

ТДТ-311, ТПД-311 топтарына куратор студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтау негізінде өткізілген тәрбие сағаттарында студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтап жаңа пәндермен таныстыру топтың ішкі ұйымдастыру мәселелері және тәрбие жоспарымен таныстыру тақырыптары қамтылды. Тәрбие жұмыстарының жоспарына сай өз уақытында университет регламентімен, кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерімен, GPA-балл және де рейтингтік бағалау жүйесінің ерекшеліктерімен топ студенттері таныстырылды.

Тәрбие сағаттары

- 05.09.2023ж. жоспарға сәйкес студенттерге университет тәртібі, оқу, кітапхана ғимараттарымен, мамандықпен таныстырылды. Сондай-ақ дінтану мамандығы және оның қоғамға қажеттілігі, осы семестрде өткізілетін сабақтар, сабақ өткізу тәртібі және кредиттік технологиямен сабақ өту тәртібі таныстырылды. Бұл әдістің тиімді және тиімсіз жақтары да қарастырылып пікірталастар өткізілді. Студенттерге университетіміздегі мүмкіндіктермен таныстырып, студенттік шақты тиімді пайдалану керек екендігін баяндады. Сондай-ақ топ эдвайзері кафедра ОПК-рын 1-курс студенттерімен танысып, студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтады. 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмыс жоспарын құрылып, топ басшылары сайланды. Кредиттік жүйемен және тест, емтихан ережелерімен, университеттің ішкі ережелерімен студенттер таныстырылды.

- 09.10.2023ж. Топ эдвайзері жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысып, жатақханада жататын студенттердің жағдайлары жайында топ студенттерінен мәлімет алды және жатақханада жататын студенттерді жатақхана ережелерімен таныстырды.

-23.10.2023ж. ТДТ-311, ТПД-311 тобының эдвайзері А.Бейсеновпен декан орынбасары Б.Сайфунов жатақханада жататын топ студенттерінің жағдайымен танысып, аралап қайтты.

-06.11.2023ж. ТДТ-311 тобында «Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ағымдар» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өтті. Топ тәлімгері А.Бейсенов дәстүрлі емес діни ағымдардың ерекшеліктерін, Қазақстандағы дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ағымдардың көріністерін, тиым салынған діни ағымдар жайында атап өтті.

-07.11.2023ж. Қазақстан ұлы дала тақырыбы бойынша ТПД-311 тобымен сұхбат өткізілді. Топ студенті Рысбайқызы Аймерке мен Ерқұл Әсел «Қазақстан ұлы дала» тақырыбы бойынша баяндама жасады. Баяндама соңында баяндамашыларға сұрақтар қойылды. Тақырыпқа қатысты студенттер өздерінің пікірлері мен көзқарастарын білдірді.

-24.11.2023ж. ТДТ-311 топ студенттерімен «Мәңгілік ел» идеясы талқылау бойынша топ тәлімгері тарапынан тәрбие сағаттары өтті. Тәуелсіздік алғалы бері еліміздік тыныштық пен тұрақтылықта дамуы президентіміздің көреген саясатының арқасы екендігі белгілі. Президент Қ.К.Тоқаев жыл сайын өзінің бағыт бағдарын халыққа жеткізіп, түйіткілді ойларын елмен бөлісетіні дәстүрге айналған. Бұл жолдауда да ол халықтың әл-ауқатын көтеруге, сапалы білім алуға, денсаулық, әлеуметтік мәселелер т.б. баса басымдық беріп отыр.

- 25.11.2023ж. Студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімі және І-блокқа дайындығын талқыланды.

-28.11.2023ж. Студенттердің студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуы мен дайындығы талқыланды.

-04.12.2023ж. ТПД-311 топ студенттерімен топ эдвайзері А.Бейсенов «Жастар және қазіргі діни ағымдар» тақырыбы бойынша тәрбие сағатын өткізді. Топ эдвайзері сөз алып қазіргі таңдағы дәстүрлі емес діни ағымдардың зардаптарын айтып, олардың елімізге және болашағымызға зардаптарын түсіндірді. Тақырыпқа қатысты топ студенті Кенжетай Фатима «Қазақстандағы діни ағымдар» тақырыбы бойынша баяндама жасады. Тәрбие сағатына қатысқан Б.Сайфунов «Діни экстремизммен күрес және оның қоғамға тигізетін зардаптары» тақырыбы бойынша студенттерге мәлімет берді. Экстремизмнің пайда болуына сараптама жасай келе бұл құбылыстың негізінде адамдардың табиғи мүдделерінің қақтығыстары экономикалық, әлеуметтік, этникалық және конфессиялық қарама-қайшылықтары жатқанын көруге болатындығын айтты. Тақырыпқа қатысты сұрақтар қойылды. А.Бейсенов экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы - олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру керектігін, бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары екендігін тілге тиек етті.

-14.12.2023ж. «16 желтоқсан –Тәуелсіздік күні» тақырыбы бойынша ТДТ-311, ТПД-311 топтарына тәрбие сағаты өтті. Сонымен қатар тәрбие сағатында тәуелсіздіктің қазақ халқы үшін маңыздылығы, қол жеткізген жетістіктер мен егемендікке бастар жолда кездескен кедергі-қиындықтар туралы сөз етілді. Тақырыпқа қатысты ТДТ-311 топ студенті Тасжанов Абылай «Тәуелсіздік күні» тақырыбына қатысты баяндама жасады.

Атқарылған тәрбиелік іс-шаралар

ТДТ-311 және ТПД-311 топтары бойынша 2023-2024 оқу жылы басында бекітілген тәрбие жоспары негізінде және де жоспардан тыс та біршама тәрбиелік мәні зор жұмыстар атқарылды. Топ студенттері университет белсенділері қатарынан орын алып, студенттер арасында талқылау, талдау т.б. әртүрлі мәдени шаралар істеумен шұғылдануда. Топ эдвайзерінің бастамасымен Тәрбие жоспарына сай жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздылығын, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты түсіндіретін іс-шаралар болып өтті. Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, тәрбиелі болу өмір талабына сай терең білімділікті талап ететіндігі студенттерге түсіндірілді.

Жатақханада жататын студенттермен жүргізілген жұмыстар.

Қазақстан Республикасы мейрам деп жариялаған күндері және тәуелсіздік мерекесіне орай кесте бойынша және кестеден тыс басқа уақыттарда да студент жатаханаларында тәрбие жұмыстары жүргізілді. Деканат тәрпынан мереке күндерінде студенттердің тәртібін қадағалау, жатақхана ішінде тыныштық пен жатақхана қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жатақханаларда кезекшілік ұйымдастырылды.

Топ эдвайзері А.Бейсенов №1, 2 жатақханада 21.10.2023ж. Сағат 18.00-23.00 аралығында кезекшілік атқарды. Жатақханада тұратын студенттердің тарапынан ешқандай тәртіпсіздік пен бұзақылықтар болмады. Студенттердің тәртібі қадағаланды. Сонымен қатар діни экстремизм мен терроризм, теріс діни ағымдарға қарсы күрес жүргізу мақсатында студенттер арасында үгіт насихат жүргізілді. Студенттердің оқу жылы бойы жатақханаларға орналасуы, жатақхана ішіндегі ережелерімен толық танысуы, іштегі тазалық ережелерін дұрыс қолдануы, тыныштық нормаларын сақтауы жатақхана

айналасында тәртіп ережелерін сақтауы, қоғамдық мәдени іс-шараларға өз үлестерін қосу сынды тәрбие жұмыстары жоспарға сай өз дәрежесінде жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында ТДТ-311 және ТПД-311 топ студенттері тарапынан өрескел тәртіп бұзып, жатақханадан шығарылған, тәртіп бұзушылық әрекеттері тіркелмеді.

ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф топтарындағы тәрбие жұмыстары

06.09.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен топ әдвайзері Б.Сайфуновтың кездесуі болды. Кездесуде әдвайзер студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтады, топтың ішкі ұйымдастыру мәселелері жүргізілді және де алдағы уақытта өткізілетін тәрбие жұмыстарымен таныстырды. Топбасшылар қайта бекітілді. ТДТ-211 тобының топбасшысы болып Исабек Сымбат Нұрсұлтанқызы, ТДТ-211ф тобының топбасшысы болып Аппазова Индира Тұрғанбайқызы бекітілді, ал ТДТ-212 тобына Серікбай Арайлым топбасшы болып сайланды.

15.09.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен алдағы келе жатқан «Студенттер күні» мерекесіне қатысу, студенттер қатарына қабылдау салтанатты жиынына белсенді түрде атсалысу жайында әңгімелесу өтті.

22.09.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен топ әдвайзері 22 қыркүйек «Тіл мерекесіне» орай мемлекетіміздегі тіл мәселесі туралы әңгіме, сұхбат өткізді.

27.09.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен топ әдвайзері университет іс-шараларына атсалысу туралы әңгіме, сұхбат өткізді. Университет іс-шараларына белсенді түрде қатысу университетіміздің студенттері үшін маңызды екені түсіндірілді.

03.10.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен топ әдвайзері топ студенттері арасында жатақханада жататын студенттердің жағдайын сұрады. Сабақтан соң топ әдвайзері жатақханаға барып, ұлдардың және қыздардың орналасқан жатақханаларымен танысып, жағдайларын көріп қайтты..

10.10.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен топ әдвайзері топ студенттерінің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімі жөнінде жиналыс өткізді. Жиналыс барысында әдвайзер студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімі жөнінде мәселелер қозғады. Алдағы аптаның аралық бақылау аптасы екенін қатаң ескертті. Студенттердің I блокқа дайындығын талқылауды. Студенттердің сабаққа қатысуы мен университет ішінде тәрбие ережелерін қатаң қадағалап жүруді ескертті.

17.10.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен топ әдвайзері топ студенттерінің Студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуы мен дайындықтарын талқылау туралы жиналыс өткізді. Жиналыс барысында алдағы келе жатқан Студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға кім қандай тақырыпта, кімдерді ғылыми жетекші ретінде таңдағандары туралы талқылады. Ғылыми тақырып аясында ізденемін деген студенттерге факультет оқытушыларының көмектесетінін, бағыт-бағдар көрсететінін айтты. Топ әдвайзері студенттердің Студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу ерікті екенін түсіндіріп, ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысамын деген студенттерге әрдайым кеңс беретіндігін айтты.

24.10.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттеріне топ әдвайзері «Имандылық тәрбиесінің мәні» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының тақырыбы аясында баяндама оқыды. Имандылық тәрбиесінің мәні, маңызы жайлы түсіндірді. Студенттер қойған сұрақтарға жауап берді. Еркін пікіралмасу форматында өткен тәрбиелік іс-шара студенттерге оң әсер сыйлады.

02.11.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен топ әдвайзері тәрбиелік, танымдық жиналыс өткізді. Жиналыс барысында әдвайзер Қазақстандағы діни мәселелерге байланысты конференцияларға қатысудың маңызы

туралы түсіндірді. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді. Қазақстандағы діни мәселелер жөнінде студенттерге көптеген ақпараттар берілді.

14.11.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттеріне топ эдвайзері «Әйел затының қоғамдағы орны» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатында әртүрлі сұрақтар қойылып, пікірталас өрбіді. Студенттер пікірталасқа белсенді қатысты. Сұрақтарға эдвайзер тарапынан тұщымды жауаптар берілді.

21.11.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттеріне топ эдвайзері «Діни экстремизммен күрес және оның қоғамға тигізетін зардабы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында топ эдвайзері студенттерге діни экстремизмнің сипаттары мен түрлі радикалды танымдарға түсінік берді. Жастарды экстремистік, радикалдық көзқарастардан аулақ болуға шақырды. Діни мәселелер бойынша бір мәселеде сұрақтар туындаса факультеттегі оқытушы-профессорлардан сұрау керектігін, діни мәселелерге немқұрайлы қарамау керектігін ескертті.

28.11.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттерімен топ эдвайзері топ студенттерінің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімі жөнінде жиналыс өткізді. Жиналыс барысында эдвайзер студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімі жөнінде мәселелер қозғады. Топ эдвайзері студенттерге: «Сабақтан себепсіз қалсаң, апталық бағаң «0» деп бағаланады. Ол деген сөз, аралық бақылауың төмен қорытылады, нәтижесінде емтиханға жіберілмей қалуың мүмкін. Сондықтан сабаққа қатысу, сабақтардағы тәрбиелі жүріс-тұрысың, оқытушылармен қарым-қатынасың мәдениетті болуы керек. Осы айтылғандардың барлығы оқу процесінде оқытушы үшін сендердің білім деңгейлеріңді бағалаудың критерийлері болатынын ұмытпаңдар» деп студенттерге ескерту жасады. барлығы Алдағы аптаның аралық бақылау аптасы екенін қатаң ескертті. Студенттердің II блокқа дайындығын талқылауды. Студенттердің сабаққа қатысуы мен университет ішінде тәрбие ережелерін қатаң қадағалап жүруді ескертті.

05.12.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттеріне топ эдвайзері «Ер есімі – ел есінде» тақырыбында Б.Момышұлы ерліктерін, Ер Бекзатты еске алу туралы тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатын бастамас бұрын ерліктерімен ел есінде қалған азаматтар туралы баяндама жасады. Студенттерді отансүйгіштікке шақырды.

13.12.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттеріне топ эдвайзері 16 желтоқсан –Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тарландары» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәуелсіздік жолындағы еліміздің тәуелсіздік үшін құрбан болған тұлғалар мен олардың ерліктері жайлы баяндама жасады. Студенттерді тәуелсіздігіміздің қадірін түсінуге, отансүйгіштікке және де елімізді өркендету жолында білім-ғылымға ұмтылуға шақырды..

15.12.2023 ж. күні ТДТ-211, ТДТ-212, ТДТ-211ф тобының студенттеріне топ эдвайзері «Студенттердің аралық бақылау нәтижелерін талқылау, емтихандарға дайындықтарын және төлемақыларының уақытылы төленуі» туралы жиналыс өткізді. Жиналыс барысында студенттердің аралық бақылау нәтижелері талқыланды. Сондай-ақ топ эдвайзері студенттерге емтиханда тыйым салынған заттарды пайдалануға болмайтындығын айтты. Емтиханға студенттер жеке куәлігі мен көк түсті қаламсап қана алып кіре алатынын ескертті. Жеке куәлік болмаған жағдайда, көшірмесін деканаттың мөрімен куәландыру керектігін ескертті. Керісінше болған жағдайда емтиханға кіргізілмейтінін қатаң ескертті. Емтихан уақытынан себепсіз кешіккен жағдайда «емтиханнан құлады» деп қабылданатынын студенттерге ескертті. Емтихан кезінде тәрбие ережелерін қатаң сақтау керектігін қатаң ескертті.

ТДТ-111, ТДТ-111f топтарында жүргізілген тәрбие жұмыстары

05.09.2023 ж. күні ТДТ-111, ТДТ-111ф - тобының студенттерімен бұрынғы топ эдвайзері Ф. Камалова мен қазіргі топ эдвайзері Б.Тілекеева мен кездесу отырысы болды. Отырыста Ф. Камалова студенттер мен жаңа топ эдвайзерін таныстырып, студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтады. Ары қарай, отырыстың 1-мәселесі бойыншы топ

эдвайзері сөз алып, жаңа оқу жылына топ студенттерінің тәрбие жөніндегі жұмыс жоспары жастардың патриоттық сезімін арттырып, саяси көзқарастарын мемлекет мүддесі үшін бағыттау мақсатында топ студенттерімен өткізілетін тәрбие сағаттарының тақырыптары алдын-ала сарапқа салынып, талқыланып қарастырылды. Осы күзгі семестрде атқарылатын іс-шараларға жалпы шолу жасалды. ТДТ-111, ТДТ-111ф топтарына эдвайзер Б.Тілекеева студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтау, танысу негізінде өткізілген тәрбие сағаттарында студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа пәндермен таныстыру топтың ішкі ұйымдастыру мәселелері және тәрбие жоспарымен таныстыру тақырыптары қамтылды. Тәрбие жұмыстарының жоспарына сай өз уақытында университет регламентімен, кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерімен, GPA-балл және де рейтингтік бағалау жүйесінің ерекшеліктерімен топ студенттері таныстырылды. Осы оқу жылы бәріміз үшін хайырлы берекелі білім жылы болсын деп жылы лебіздермен жиналысты қортындылады. ТДТ-111, ТДТ-111ф топтарына күзгі семестрде әр ай сайын, бір айда бір рет барлығы 4 тәрбие сағаты өткізілді.

21.09.23 ж. Студенттердің сабаққа қатысуы және ішкі ұйымдастыру мәселелері, Топ студенттері арасында жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысты. Топ эдвайзерінің тәрбие жұмыстары тәрбие жоспарына сай, деканат келісімімен бекітілді. 2022-2023 оқу жылында Теология факультетіне қарасты Топ эдвайзері жоспарланған тәрбие жұмыстары бойынша өз топтары көлемінде тәрбие сағаттарын, тәрбиелік іс-шаралар, т.б кездесулер жасап, олардың хаттамаларын жазып отырды. Топ студенттерінің тәрбиесі мен тәртібін көтеру т.б. сол сияқты қазіргі уақыттағы өзекті мәселелер бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Топ студенттері арасында Абибулла Абай ұтқырлық програмымен Түркияның Сивас қаласына оқу тәжірбие алмасу үшін баратын білімгерге сәттілік тілеп, құжаттарда дайындықтар жасалды.

Тәрбие сағаттары

– 05.10.2023ж. Топ эдвайзері жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысып, жатақханада жататын студенттердің жағдайлары жайында топ студенттерінен мәлімет алды және жатақханада жататын студенттерді жатақхана ережелерімен таныстырды. Топта 3- студент Муминов Максад, Сұлтанбаи Рамазан, Биділда Ақниет жатақханада қалатындарын, жатақханада студенттерге университет тарапынан жақсы жағдай жасалғандығын мәлімдеді. Сондай ақ, жатақханада тұратын студенттердің тарапынан ешқандай тәртіпсіздік пен бұзақылықтар болмады. Студенттердің тәртібі қадағаланып, топ студенттері тарапынан өрескел тәртіп бұзып, жатақханадан шығарылған, тәртіп бұзушылық әрекеттері болмады.

– 26.10.2023 ж. күні ТДТ-111, ТДТ-111ф, тобының студенттерімен топ эдвайзері Топ студенттерінің студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуын және пайдасын түсіндіріп талқылады. Топ эдвайзері ғылыми конференцияға қатысатын студенттерді дайындап, тақырыптарының қаншалықты қазіргі қоғамға маңыздылығын түсіндіріп, дайындығын пысықтап, бұл іске жауапкершілікпен қарау қажеттігін, жіті дайындалу қажеттігін ескертті.

– 09.11.2023ж. ТДТ-111 тобында «Матуриди, Ашғари және Салафизм» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өтті. Топ тәлімгері Б.Тілекеева діни ағымдардың ерекшеліктерін, Қазақстандағы дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ағымдардың көріністерін, тиым салынған діни ағымдар жайында атап өтіп, топ студенттерін осы 3 – тақырыппен 3-тобқа бөліп жарыс ретінде өткізді. Матуриди тобының топ басшысы Пірзада Жібек пен Салафизм тобының тоб басшысы Муминов Максад жақсы дайындалып келіп екі ағымның арасындағы айырмашылықтарын түсіндіріп, мысал келтіріп тақырыптың қазіргі жастар арасында өзектілігін түсіндірді. Соңында Матуриди тобы жеңіске жетті. Жарыс соңында топ басшыларына сұрақтар қойылды. Тақырыпқа қатысты студенттер өздерінің пікірлері мен көзқарастарын білдірді. Жеңген топтың команда басшысына сыйлық тағайындалып, ашық сабақ өте тартысты пікір талас ретінде өтті.

– 23.11.2023ж. күні Топ эдвайзері ТТО-211, ТТО-211ф, ТТО-212 тобының студенттерімен топ студенттерінің сабаққа толық қатысуы мен сабақ үлгерімін және II-блокқа дайындығын талқылады. Топ эдвайзері алдағы уақытта II-блоқтың жақындап келе жатқанын, студенттердің сабаққа түгел қатысуы керек екендігін ескертті.

– 14.12.2023ж. Топ эдвайзері ТДТ-111, ТДТ-111ф, тобының білім алушылардың қысқы сессияға дайындығын қадағалау және емтихан ережелерін сақтауға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында ұйымдастырылған жиналыста, қысқы сессияға аз уақыт қалғанын, емтихан ережелерімен таныстырып, емтихан ережелерін сақтауға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Білім алушылардың аралық бақылау нәтижелері талқыланып, емтихандарға дайындықтары қадағаланды.

Атқарылған тәрбиелік іс-шаралар

ТДТ-111 және ТДТ-111ф топтары бойынша 2023-2024 оқу жылы басында бекітілген тәрбие жоспары негізінде және де жоспардан тыс та біршама тәрбиелік мәні зор жұмыстар атқарылды. Топ студенттері университет белсенділері қатарынан орын алып, студенттер арасында талқылау, талдау т.б. әртүрлі мәдени шаралар істеумен шұғылдануда. Топ эдвайзерінің бастамасымен Тәрбие жоспарына сай жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздылығын, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты түсіндіретін іс-шаралар болып өтті. Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, тәрбиелі болу өмір талабына сай терең білімділікті талап ететіндігі студенттерге түсіндірілді.

ТДТ-011, ТДТ-011ф топтарында жүргізілген тәрбие жұмыстары

– 05.09.2023 ж. күні ТДТ-011, ТДТ-011ф - тобының студенттерімен бұрынғы топ эдвайзері Ф. Камалова мен қазіргі топ эдвайзері С.Назбекова мен кездесу отырысы болды. Мәжілісте Ф. Камалова студенттер мен жаңа топ эдвайзерін таныстырып, студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтады. Ары қарай, отырыстың 1-мәселесі бойыншы топ эдвайзері сөз алып, жаңа оқу жылына топ студенттерінің тәрбие жөніндегі жұмыс жоспары жастардың патриоттық сезімін арттырып, саяси көзқарастарын мемлекет мүддесі үшін бағыттау мақсатында топ студенттерімен өткізілетін тәрбие сағаттарының тақырыптары алдын-ала сарапқа салынып, талқыланып қарастырылды. Осы күзгі семестрде атқарылатын іс-шараларға жалпы шолу жасалды.

– ТДТ-011, ТДТ-011ф топтарына эдвайзер С.Назбекова студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтау, танысу негізінде өткізілген тәрбие сағаттарында студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа пәндермен таныстыру топтың ішкі ұйымдастыру мәселелері және тәрбие жоспарымен таныстыру тақырыптары қамтылды. Тәрбие жұмыстарының жоспарына сай өз уақытында университет регламентімен, кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерімен, GPA-балл және де рейтингтік бағалау жүйесінің ерекшеліктерімен топ студенттері таныстырылды. Осы оқу жылы бәріміз үшін хайырлы берекелі білім жылы болсын деп жылы лебіздермен жиналысты қортындылады. ТДТ-011, ТДТ-011ф топтарына күзгі семестрде әр ай сайын, бір айда бір рет барлығы 4 тәрбие сағаты өткізілді.

– 21.09.23 ж. Студенттердің сабаққа қатысуы және ішкі ұйымдастыру мәселелері, Топ студенттері арасында жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысты. Топ эдвайзерінің тәрбие жұмыстары тәрбие жоспарына сай, деканат келісімімен бекітілді. 2022-2023 оқу жылында Теология факультетіне қарасты Топ эдвайзері жоспарланған тәрбие жұмыстары бойынша өз топтары көлемінде тәрбие сағаттарын, тәрбиелік іс-шаралар, т.б кездесулер жасап, олардың хаттамаларын жазып отырды. Топ студенттерінің тәрбиесі мен тәртібін көтеру т.б. сол сияқты қазіргі уақыттағы өзекті мәселелер бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Топ студенттері арасында Абибулла Абай ұтқырлық програмымен Түркияның Сивас қаласына оқу тәжірбие алмасу үшін баратын білімгерге сәттілік тілеп, құжаттарда дайындықтар жасалды.

Тәрбие сағаттары

– 05.10.2023ж. Топ эдвайзері жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысып, жатақханада жататын студенттердің жағдайлары жайында топ студенттерінен

мәлімет алды және жатақханада жататын студенттерді жатақхана ережелерімен таныстырды. Топта 4- студент Алиасқаров Сағындық жатақханада қалатындарын, жатақханада студенттерге университет тарапынан жақсы жағдай жасалғандығын мәлімдеді. Сондай ақ, жатақханада тұратын студенттердің тарапынан ешқандай тәртіпсіздік пен бұзақылықтар болмады. Студенттердің тәртібі қадағаланып, топ студенттері тарапынан өрескел тәртіп бұзып, жатақханадан шығарылған, тәртіп бұзушылық әрекеттері болмады.

– 26.10.2023 ж. күні ТДТ-011, ТДТ-011ф, тобының студенттерімен топ эдвайзері Топ студенттерінің студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуын және пайдасын түсіндіріп талқылады. Топ эдвайзері ғылыми конференцияға қатысатын студенттерді дайындап, тақырыптарының қаншалықты қазіргі қоғамға маңыздылығын түсіндіріп, дайындығын пысықтап, бұл іске жауапкершілікпен қарау қажеттігін, жіті дайындалу қажеттігін ескертті.

– 09.11.2023ж. ТДТ-011 тобында «Матуриди, Ашғари және Салафизм» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өтті. Топ тәлімгері С.Назбекова діни ағымдардың ерекшеліктерін, Қазақстандағы дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ағымдардың көріністерін, тиым салынған діни ағымдар жайында атап өтті, топ студенттерін осы 3 – тақырыппен 3-топқа бөліп жарыс ретінде өткізді. Матуриди тобының топ басшысы Алибек Алия мен Салафизм тобының топ басшысы Тұрғанбай Қанат жақсы дайындалып келіп екі ағымның арасындағы айырмашылықтарын түсіндіріп, мысал келтіріп тақырыптың қазіргі жастар арасында өзектілігін түсіндірді. Соңында Матуриди тобы жеңіске жетті. Жарыс соңында топ басшыларына сұрақтар қойылды. Тақырыпқа қатысты студенттер өздерінің пікірлері мен көзқарастарын білдірді. Жеңген топтың команда басшысына сыйлық тағайындалып, ашық сабақ өте тартысты пікір талас ретінде өтті.

– 23.11.2023ж. күні Топ эдвайзері ТДТ-011, ТДТ-011ф тобының студенттерімен топ студенттерінің сабаққа толық қатысуы мен сабақ үлгерімін және II-блокқа дайындығын талқылады. Топ эдвайзері алдағы уақытта II-блоқтың жақындап келе жатқанын, студенттердің сабаққа түгел қатысуы керек екендігін ескертті.

– 14.12.2023ж. Топ эдвайзері ТДТ-011, ТДТ-011ф, тобының білім алушылардың қысқы сессияға дайындығын қадағалау және емтихан ережелерін сақтауға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында ұйымдастырылған жиналыста, қысқы сессияға аз уақыт қалғанын, емтихан ережелерімен таныстырып, емтихан ережелерін сақтауға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Білім алушылардың аралық бақылау нәтижелері талқыланып, емтихандарға дайындықтары қадағаланды.

Атқарылған тәрбиелік іс-шаралар

ТДТ-011 және ТДТ-011ф топтары бойынша 2023-2024 оқу жылы басында бекітілген тәрбие жоспары негізінде және де жоспардан тыс та біршама тәрбиелік мәні зор жұмыстар атқарылды. Топ студенттері университет белсенділері қатарынан орын алып, студенттер арасында талқылау, талдау т.б. әртүрлі мәдени шаралар істеумен шұғылданауда. Топ эдвайзерінің бастамасымен Тәрбие жоспарына сай жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздылығын, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты түсіндіретін іс-шаралар болып өтті. Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, тәрбиелі болу өмір талабына сай терең білімділікті талап ететіндігі студенттерге түсіндірілді.

Дінтану кафедрасының 2023-2024 оқу жылы бойынша жатақханада атқарған тәрбиелік іс-шаралары

Қыркүйек. Қыркүйек айының соңына дейін Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырылды. №1, №2,, №5 жатақханаға орналасқан студенттерге жатақхана ережесі, жатақханада тазалық пен тәртіп сақтау мәселелері түсіндірілді, жағдайларын анықталды. Білім алушы тұл жетім студенттер үшін жеңілдіктер ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында жатақханадағы болған білімалушылардың әлімжеттік құбылысына байланысты Дінтану кафедрасының 2 студентіне шара көрілді. 1. Киличов Айберген - ТДТ-211 тобының 2 курс студенті. 2. Муминов Мақсат - ТДТ-111 тобының 3 курс студенті №2 ерлер жатақханасынан шығарылды.

1. Теология факультетінің 2023-2024 оқу жылының 26.09.2023ж. күні Теология факультеті оқытушы-профессорларының, эдвайзерлердің 2023-2024 оқу жылының жатақханада атқаратын кезекшілік кестесі бекітілді.

2. 27.09.2023 ж. күні факультеттің бекітілген кезекшілік кестесі бойынша №1, №2 жатақханада Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Бауыржан Сайфунов кезекшілік қызметін атқарды, факультеттің жатақханадағы қазақстандық және де шет елдік студенттеріне жатақхана ережесі, жатақханада тазалық пен тәртіп сақтау мәселелері түсіндірілді.

3. 2023 жылдың 04 қазан күні университетіміздің Студенттік жатақхана студенттеріне "Жатақхана өз үйің" атты тәрбиелік кеш өткізілді. Тәрбиелік кешке N2 Ерлер жатақханасының барлық Студенттері қатысты. Тәрбиелік кешке Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Бауыржан Сайфунов және Жастар орталығының үйлестіруші маманы, жатақхана тәрбиешісі Исаев Нурбек қатысты. Кеш барысында Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Бауыржан Сайфунов пен Жастар орталығының үйлестіруші маманы Исаев Нурбек жатақхана студенттеріне Жатақхана орталығы басшысының орынбасары Хакан АСты таныстырды. Хакан АСтың бұдан былай жатақхана студенттерімен тығыз байланыста болатындығын, жатақханадағы тазалық һәм тәртіп жұмыстарына қадағалау жасайтынын айтты. Б.Сайфунов жатақхана студенттеріне "Жатақхана өз үйің" тақырыбында жатақханада тазалық һәм жатақхана тәртібін сақтау жөнінде тәрбиелік баяндама жасады. Келесі ретте Жатақхана орталығы басшысының жаңа орынбасары Хакан АС студенттерге жатақхананың ішкі ережесін түсіндіре келе: "Біздің университетіміздің жатақханасы достық пен ынтымақтастықтың ордасы, тазалық пен әдептіліктің ошағы. Бұл жатақхана түркі тілдес елдердің барлық өкілдерінің жылы ұясы. Сондықтан жатақханасында достық пен сыйластық салтанат құруы керек. Бәлкім араларыңызда болашақ министрлер мен ел басқарушылар шығар. Сондықтан ынтымағымыз алмастан берік болуы керек. Ал біз, университет басшылығы өз кезегінде түркі халықтарының жас оғыландарының білім-ғылым жолында самғап ұшуына жақсы жағдай жасай беретін боламыз" деп студент жастарға қанат бітірер сөздерін айтты. Жастар орталығының үйлестіруші маманы, жатақхана тәрбиешісі Исаев Нурбек студент жастарға жатақхана регламентін қатаң сақтауды ескертті. Жатақхана студенттері тарапынан қойылған сұрақтарға жан-жақты жауаптар берілді.





[https://www.facebook.com/photo/?fbid=352122100569596&set=pcb.35212227236250&_cft_\[0\]=AZWdLyes_4-F1Ri_u552ISd9kdKpMVvMRb-6Y0d8Zm3ceeCJzegJ-6Bbw6dFQe65pTFOd1zaTruYtTNaL1svjq-GGWuxO7uXn-XAOriWsP3gb64G1Fqb4yUSnYvlhmPJyfd2YzEgDAucGIbUeknWIDZIBk5ZOCcU556MQZsJ8EJCbQ&_tn_=*bH-R](https://www.facebook.com/photo/?fbid=352122100569596&set=pcb.35212227236250&_cft_[0]=AZWdLyes_4-F1Ri_u552ISd9kdKpMVvMRb-6Y0d8Zm3ceeCJzegJ-6Bbw6dFQe65pTFOd1zaTruYtTNaL1svjq-GGWuxO7uXn-XAOriWsP3gb64G1Fqb4yUSnYvlhmPJyfd2YzEgDAucGIbUeknWIDZIBk5ZOCcU556MQZsJ8EJCbQ&_tn_=*bH-R)

Қазан. Қазан айында Теология факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы факультеттің бекітілген кезекшілік кестесі бойынша жатақханаларда факультеттің кезекшілік қызметтерін атқарды.

4. 04.10.2023 ж. күні Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Бауыржан Сайфунов жатақханада кезекшілік қызметін атқарды. Факультеттің жатақханадағы студенттердің жатақханадағы жағдайлары тексерілді және де жатақханада жататын студенттерге университет, жатақхана ережелері, жатақханада тазалық пен тәртіп сақтау мәселелері түсіндірілді.

5. 16.10.2023 ж. күні Дінтану кафедрасының профессоры Д.Кенжетаев жатақханада кезекшілік қызмет атқарды. Кезекшілік барысында факультет деканы студенттермен сұхбаттасып, олардың жатақханадағы жағдайлары сұрастырылды, оларға тәртіп сақтау мәселелері түсіндірілді.

6. 21.10.2023 ж. күні Дінтану кафедрасының аға оқытушысы Бейсенов Айбек жатақханада кезекшілік қызмет атқарды. Кезекшілік кезінде студенттермен сұхбаттасып, олардың жатақханадағы жағдайларымен танысты. Жатақхана бөлмесіндегі тазалық тексерілді. Студенттерге жатақхана ережелерін қатаң сақтау керектігі, жатақханада тазалық пен тәртіп сақтау мәселелері түсіндірілді.



30.11.2023 ж. күні Дінтану кафедрасының оқытушысы Нуритдинов Бахауатдин жатақхана студенттерне «Рухани жаңғырудың бастауы-мәдениет пен өнер» тақырыбында тәрбиелік семинар өткізді. Семинар барысында Нуритдинов Бахауатдин әуелі «руханият және рухани жаңғыру» ұғымдарының бастауын түсіндірді. Рухани жаңғырудың бастауы-мәдениет пен өнер екендігін түсіндірді. Мәдени құндылықтар, өнер адам жанының азығы. Алдыңғы буын ислам ғұламалары, ата-бабаларымыздың әрбірі өнердің сан түрін игерген, біз де өз кезегімізде ең кем дегенде ұлттық өнерлерімізді игеруіміз керек. Салт-дәстүрлерімізді терең білуге ұмтылуымыз керек. Мәдени құндылықтарды бойына сіңірген жастар деструктивті ағымдардың әртүрлі айдаларынан аман болады. Рухани жаңғырудың бастаулары мәдениет пен төл өнеріміз екендігін әртүрлі мысалдармен студенттерге түсіндірді. Студенттер тарапынан қойылған әртүрлі сұрақтарға жан-жақты жауаптар берді.

Желтоқсан. Желтоқсан айында Дінтану кафедрасы ұжымы университетіміздің жатақханаларында әр аптаның сәрсенбі күндері 06.12.2023, 13.12.2023, 20.12.2023, 27.12.2023 ж. күндері кестеге сай кезекшіліктерін атқарды. Кезекшілік атқару барысында білімалушылардың қандай да бір тәртіп бұзушылық оқиғалары тіркелмеді.

13.12.2023 ж. күні Ректорат ғимаратының конференция залында Теология факультетінде Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Бауыржан Сайфуновтың ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік тарландары» атты тәрбиелік іс-шара өтті. Іс-шараның беташары білім алушылардың Мұхтар Шахановтың «Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!» атты өлеңімен ашылды. М.Шахановтың жалынды өлеңінен соң, 2 курс студенті Шырбанова Аққжібек «Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында баяндама оқыды. Бандамадан соң Дінтану мамандығының 2 курс студенті Қалдыбек Аяулым күбірлетіп «Көкту» күйін домбырада ойнатты. Ұлттық аспапта ойналған әуен іс-шараға қатысушыларды керемет күйге бөледі.



Келесі ретте Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Бауыржан Сайфунов «Тәуелсіздік Тарландары» тақырыбында баян етті. Өз сөзінде Тәуелсіздік жолында қызмет еткен Темірбек Жүргенов, Илияс Омаров және Өзбекәлі Жәнібеков сияқты тұлғалардың ғибратты ғұмырларынан қызықты әрі олардың ұлтымыз үшін жасаған еңбектерінен естеліктер баяндады. Алаш қайраткерлері мен тұлғалардың өнегелі өмірлерінен, сонымен қатар Желтоқсан қаһармандарының ғибратты ғұмырларынан да сөз етті. «Тәуелсіздігіміздің баянды болуы жастардың қолында. Бүгінгі жастар, ертеңгі ел тіректері. Ал білімді жастар әрқашан елдің үміті. Сондықтан елдің үкілеген үмітін ақтау үшін жастарымыз білімді болуы керек. Әрі Тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегенін түйсіну керек. Тәуелсіздік жолында, яғни ұрпақтың жарқын болашағы жолында алдыңғы буын ағаларымыз бен апаларымыз құрбан болды. Не үшін? Елі үшін, еркіндік үшін, бостандық үшін, тәуелсіздік үшін! Сондықтан Тәуелсіздік туын берік ұстау, елдің егемендігі үшін аянбай қызмет ету біздерге адамдық борыш жүктейді» – деді.



Келесі сөз, Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Төлегенов Мұхитқа берілді. Мұхит Жылқыайдарұлы баяндамасын «Тәуелсіздік жолындағы құрбандар» тақырыбында баяндама оқыды. М.Төлегенов тәуелсіздік жолында ерлік жасаған, егемендік жолында тер төгіп, асқақтыққа ұмтылған ата-бабаларымыздың жанкешті өмірлерінен, халқымыздың жарқын болашағы жолындағы тағылымды оқиғалардан баян етті. Тәуелсіздік жолында қаяси-қуғын сүргінге ұшырағандар жайында сөз етті. Сонымен қатар Желтоқсан қаһармандарының жалынды жырларын оқып, тәлімді іс-шараға қатысушылардың рухын серпілтіп тастады. Тәрбиелік іс-шара соңында жиынға қатысушыларды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады.



13.12.2023 ж. күні Теология факультетінің Дінтанушы мамандығының ТДТ-011 тобында «Тәуелсіздік – баға жетпес қазынам» атты тәрбиелік іс-шара өтті. Іс-шараға университетіміздің вице-ректоры Асқар Әбдуәліұлы Тұрғанбаев және де Теология факультетінің деканат мүшелері, кафедра меңгерушілері қатысты. Тәрбиелік іс-шара Тәуелсіздік жолында және де Желтоқсан боздақтарының әзіз рухтарына Құран оқып, сауабын бағыштаумен басталды. Іс-шара барысында «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» тақырыбында баяндама оқылып, Желтоқсаншылар тағдырынан сахналық көрініс көрсетілді.



Келесі ретте сөз кезегі университетіміздің вице-ректоры Асқар Әбдуәліұлына берілді. Вице-ректор А.Тұрғанбаев 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы, сол

кездегі оқиғалардың тірі куәгері. Асқар Әбдуәліұлы білім алушыларға Желтоқсан оқиғасы кезіндегі ауыр көріністерді сипаттап, айтып берді. Тәуелсіздік жолында сол кездегі қайрат-жігер жұмсаған жастар қозғалысы туралы әңгімеледі. Осыдан 35 жылдан астам уақыт бұрынғы жастардың Тәуелсіздік үшін жасаған ерліктерінен сөз етті. Қазақ газеті, Азат газеті сияқты басылымдардың Тәуелсіздік үшін, жастардың ұлттық рухын көтеру мен мәдени-рухани құндылықтарды жастар санасына сіңіру жолында тынбай жұмыс жасаған жастардың қажырлы еңбектерін әңгімеледі. Өзінің де дәл осы желтоқсан оқиғасында ауыр жарақаттанып, емханада айлап жатқанын әңгімеледі. А.Тұрғанбаевтың жалынды сөздері іс-шараға қатысушылардың рухын серпілтіп тастады. Өз сөзінің соңында университетіміздің вице-ректоры Асқар Әбдуәліұлы 1986 жылдың 18 желтоқсанында көрген ауыр оқиғаларды суреттеген өз өлеңін оқып берді. Асқар Әбдуәліұлының Тәуелсіздік жолында құрбан кеткен Желтоқсаншы қазақ қызының ауыр хәлін суреттеген өлеңі тәрбиелік іс-шараға қатысушыларды үлкен әсерге бөледі. Тәрибелік іс-шара соңында жиынға қатысушылар «Желтоқсан желі ызғарлы» әнін хормен орындады. Тағылымды кешті ұйымдастырған ТДТ-011 тобының жетекшісі Тұрғанбекқызы Салтанат.



18.12.2023 ж. күні Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Сайфунов Бауыржан №1, №2 студенттер жатақханасында студенттердің тәртібін бақылау мақсатында кезекшілік атқарды. Кезекшілік атқару барысында білімалушылар тарапынан қандай да бір тәртіп бұзушылық оқиғалары тіркелмеді.

15.03.2024 ж. күні Теология факультетінің 61 білімалушысына, әрбірі 28 кг болатын ең қажетті азық-түліктер топтамасы таратылды. "НАУРЫЗНАМА" онкүндігінде Дінтану мамандығының оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қайғырымды істермен айналысты.



18.03.2024 ж. күні Дінтану кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы мен факультет студенттері "НАУРЫЗНАМА" онкүндігінің аясында 18 наурыз Ұлттық киім күніне орай ұлттық нышан танытып, ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа

жалғасып келе жатқан мәдени құндылықтарымызды әспеттеді. Ұлттық киім киген факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен факультет студенттерінің мерекелік көңілі айналаға бейне бір көктемнің алғашқы қарлығаштарындай әсер қалдырды. Қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі - ұлттық киімдерімізді ұлықтаушылар университеттің көркем жерлерінде естелік суреттерге түсті. Факультет ұжымы университет қызметкерлерін және студенттерді мерекемен құттықтап, бір-біріне ақжарма тілектерін ақтарды.



08.04.2024 ж. күні Теология факультетінің ұйымдастыруымен «Қоштасқым келмейді Рамазан» атты рухани-тәрбиелік іс-шара болып өтті. Іс-шараның беташары Теология факультеті білім алушыларының Құран Кәрім аяттарын әдемі әуезбен жеті мақамда оқуымен ашылды. Одан кейін студенттер рухани-тәрбиелік іс-шараға қатысушыларға Түркі жұртының діни танымында жол көрсетуші темірқазығы - Құл Қожа Ахмет Ясауи баба хикметтерінен шашу шашты. Келесі ретте Айлардың сұлтаны - Рамазан айының қадір қасиеті мен мән-маңызы жайлы факультеттің оқытушысы, профессор Метин Йылмаз ұстаз әсерлі баяндама жасады. Ұстаз баяндамасынан соң, факультет студенттері Рамазан таспихтері мен салауаттар айтып атысушылардың көңілін бір серпілтіп тастады. Іс-шара барысында білім алушылар көрермендерге Құран Кәрім, ораза айы және имандылық туралы арнайы викториналық сұрақтар қойды. Сұрақтарға дұрыс жауап бергендерге сылық ретінде «Рамазан тәттілерін» табыстады. Рухани-тәрбиелік іс-шараны Теология факультетінің деканы, профессор Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы қорытындылады. Аталған іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне Дінтану мамандығының студенттері белсенділік танытып, зор үлес қосты.





09.04.2024 ж. күні Теология факультетінің ұйымдастыруымен «Дәфтәрус-Сәни» атты Теология факультетінің білім алушылары арасында Ясауи хикметтерін жатқа айту байқауы болып өтті. Байқау екі кезеңнен тұрды. 1- Кезең. Ясауи хикметтерін жатқа айту. 2- Кезең. Ахмет Ясауи туралы арнайы дайындалған сұрақтарға жауап беру. Осы екі кезеңнен жоғары ұпай жинаған қатысушылар жүлделі орындарға ие болды. Теология мамандығының 3 курс студенті Тәуекел Алтын «Дәфтәрус-Сәни» атты Ясауи хикметтерін жатқа айту байқауында 1 орын иеленіп, жеңімпаз атанды. 2 орындарды теология мамандығының студенттері Мәулен Мухсина және Мәулен Хасан иеленді. Ал 3 орынды үш білім алушы иеленді. Олар: дінтану мамандығының 2 курс студенттері Сатыбалды Аружан, Алғаппарова Эйтибор және теология мамандығының 1 курс студенті Зияуддин Әбдімүтәліп. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сыйлықтармен марапатталды. 1 - орын иегері 40 мың, 2 - орын иегерлері 20 мың, 3 - орын иегерлері 10 мың теңгеден ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ Ясауи хикметтерін жатқа айту байқауында ерекше белсенділік танытқан байқау қатысушысы 1 курс студенті Ерқұл Әсел ақшалай сыйлықпен марапатталды. «Дәфтәрус-Сәни» атты факультет ішілік білім алушылары арасындағы Ясауи хикметтерін жатқа айту байқауының негізгі ұйымдастырушысы Дінтану кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы.



24.04.2024 ж. күні Нұрмұбарак ислам мәдениеті университетінің ұйымдастыруымен өткен «Қазақстандағы және шетелдегі дінді зерттеудің өзекті мәселелері» атты Халықаралық студенттік конференциясының қорытындысы бойынша Теология факультетінің Теология білім беру бағдарламасының 4 курс студенті Әбетай Жандос 3-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі: Теология және философия ғылымдарының докторы, профессор Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы.

28-29 сәуір 2024 ж. күндері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Дінтану білім беру бағдарламасы бойынша Жоғары оқу орнының білім алушылары арасында өткен Республикалық Пәндік Олимпиадада Теология факультетінің студенттері 1 орынды иеленді. Білім алушылардың ғылыми жетекшісі Теология және философия ғылымдарының докторы, профессор Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы, Білім сайысына қатысушылар Әбетай Жандос (4 курс, Теолог), Муминов Мақсат (3 курс, Дінтанушы), Зияуддин Әбдімүтәліп (1 курс, Исламтанушы).



Дайындаған, Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD Сайфунов Бауыржан